

«Достық сабағы» республикалық интернет-байқауының қорытындысы

ҚР БЖҒМ-нің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының педагогтері арасында **«Достық сабағы» республикалық интернет-байқауды** 2017 жылғы 3 наурыз 15 мамырға дейін балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта қашықтықтан өткізді.

Байқаудың мақсаты: толеранттық қарым-қатынас және этномәдени құндылықтарға деген құрмет саласындағы педагогикалық тәжірибені анықтау, халықтар тарихы мен мәдениеті туралы білім мен түсінік деңгейін арттыру.

Міндеттері:

Қазақстан Республикасында мекен ететін халықтардың түрлі мәдениеттерімен таныстыру, білім беру ортасындағы толеранттық деңгейді арттыру;

тәрбиелеудің интерактивті әдістерін пайдаланып сабақтан тыс іс-шараларды өткізу бойынша педагогикалық тәжірибені тарату;

балалар ортасындағы ұлттық тұрғыдан экстремизмнің пайда болуының алдын-алу.

Байқауға барлығы 4 жұмыс келіп түсті.

Байқауға мектепке дейінгі және жалпы орта білім беретін мектептердің, колледждердің және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері қатысты.

Байқау келесі номинация бойынша жүргізілді: «Сыныптан тыс іс-шаралардың сценарийі».

Педагогтердің ұсынылған жұмыстары келесі өлшемдер бойынша 5 баллдық жүйемен бағаланды:

мәлімделген номинацияға сәйкестігі;

оқу материалының мазмұны: қол жетімділігі, өзектілігі, мәселенің ашылуы, ғылымилығы мен материалдың қолжетімділігі;

таңдалған әдістердің, құралдардың бейнесабақтың мақсатына және міндетіне сәйкестігі;

бейнесабақ сценарийінің құрылымы мен мазмұны;

педагогикалық технологиялар мен интерактивті әдістерді қолдануы;

бағдарламалық талаптарды іске асыру дәрежесі;

дыбыстық-бейне технологияларын қолдануы;

сабақтарды жүргізу шеберліктері;

жұмысты ресімдеу мәдениеті;

дыбыстық-бейнелік сүйемелдеу сапасы.

«Достық сабағы» тақырыбындағы республикалық интернет-байқаудың әділ қазыларының шешімі негізінде 2 қатысушы жеңімпаз болып анықталды:

I орын: Матжанова Қарлығаш Қуанбаевна (Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Мұнайлы ауданы, № 5 «Балбөбек» балабақшасы);

II орын: Суйеуова Жаннат Аскербаевна (Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы «Айналайын балабақшасы»).

**Байқауға келіп түскен жұмыстар саны
(өңірлер бойынша)**

№	Облыстар	Жұмыстар саны	Жеңімпаздар
1	Ақмола		
2	Ақтөбе		
3	Алматы		
4	Атырау		
5	Шығыс Қазақстан		
6	Жамбыл	1	
7	Батыс Қазақстан		
8	Қарағанды		
9	Қостанай		
10	Қызылорда		
11	Маңғыстау	2	2
12	Павлодар	1	
13	Солтүстік Қазақстан		
14	Оңтүстік Қазақстан		
15	Алматы қаласы		
16	Астана қаласы		
	Барлығы	4	2

Директор

Р. Шер